

**6.09.2021 ж өткізілген қамқоршылық кеңес отырысы туралы
жиналыстың**

Хаттамасы

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, ата-аналар, жергілікті мекеме қызметкерлері
Күн тәртібінде:

1. Ағымдағы мәселелер. Директордың тәрбие ісінің орынбасары
О.С.Батабиева
2. Қамқоршылық кеңесінің бағыттарымен таныстыру.
Кеңес мүшесінің төрайымы А.Халенова
3. Жаңа мектеп басшысы тағайындалатыны жөнінде.

Тындалды: 1-мәселе
Қамқоршылық кеңестің құрамы төмендегі кеңес жұмысымен таныстырылды.

- 1) Жалпы білім беру ұйымының жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау.
- 2) Білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету.
- 3) Мектеп органдарының жұртшылықпен тиімді қарым-қатынасы үшін жағдай жасау.
- 4) Мектептің білім берушілік, қаржылық, кадрлық әлеуетін күшейту.
- 5) Қаржыландырудың қосымша көздерін мектепке тартуға жәрдем беру.
- 6) Оқушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау. Мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы Л.З.Бекесова қамқоршылық кеңестің қосымша бюджеттен тыс қаржыларды тарту және жұмсау түрлерімен тәртібіне, Қамқоршылық кеңесінің құқықтары мен міндеттеріне, оның қағидаларына, сонымен қатар кеңестің құрамына тоқталып өтті.

Тындалды: 2-мәселе.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы А.Халенова сөз алды. А.Халенова №31 мектеп-гимназиясында он жеті жыл басшылық қызметін атқарған Ғ.Х.Кереев мырзаға алғысын айтып, әрі қарай мектеппен бірге «Қамқоршылық кеңесі» мүшелерімен және мектеп ұжымымен жұмысын жалғастыратынын айтты. Мектептегі жыл бойына қарастырылатын мәселелер тәрбие беру іс-шараларына бірлесіп атсалысуға кеңес мүшелерін ұйымшылдықпен бірігуге шақырды.

Әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларға көмек көрсетіліп тұру қажеттілігі айтылды.

**7.09.2020 ж өткізілген қамқоршылық кеңес отырысы туралы
жиналыстың**

Хаттамасы

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, ата-аналар, жергілікті мекеме қызметкерлері
Күн тәртібінде:

1. Кезекші сыныптардың жұмысын ұйымдастыру.
2. Мектепте санитарлық нормалардың сақталу жағдайы
3. Мектеп жұмыс істейтін платформалар, оқыту форматтары
4. Аз қамтылған көп балалы отбасы балаларын компьютермен қамту
5. Қамқоршылық кеңес төрағасын сайлау

Тыңдалды: № 31 мектеп гимназия директоры Ғ.Х. Кереев қамқоршылық кеңес мүшелеріне мектептегі кезекші сыныптардың жұмысын ұйымдастыру ерекшелігін танстырып өтті. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарын қаншалықты деңгейде көрсетілді. Қамқоршылық кеңес мүшесі Хусинова Ж сыныпта оқушылардың бетпердені үнемі киіп жүру туралы сауал қойып нақты жауап алды. Санитарлық нормаларда көрсетілген талаптар туралы түсініктеме жасалды. Сондай-ақ мектеп басшысы қашықтықтан білім алып жатқан балалармен жұмыс жасап жатқан білім беру платформалар туралы толық ақпарат беріп өтті. Директордың орынбасары А. Болатова аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасы балаларына қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін көрсетілген көмек түрлеріне тоқталды. 133 балаға мектептен ноутбук берілгені жөнінде айтылды. Республикалық бюджеттен әр отбасындағы бір баланы қамту ұсынылды.

№ 31 мектеп – гимназиясының ата-аналар тарапынан мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып А.Халенованы қамқоршылық кеңестің төрайымы болып тағайындалды.

Шешімі:

1. Кезекші сыныптардың жұмысын ұйымдастыруда санитарлық талаптары орындалуын, саналы жүзеге асырылуын күнделікті қадағалау, жауаптыларды бекіту
2. Балалардың білім бері платфоомасын жүйелі әрі сапалы қолдануын сынып жетекшілер қадағалау, ата анамен күнделікті байланда болу.
3. Республикалық бюджеттен аз қамтылған отбасылар компьютермен қамтылсын

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы
Қамқоршылық кеңесінің хатшысы



А.Халенова
Ж.Хусинова

3ші қозғалған мәселе жаңадан мектеп басшысы тағайындалатыны жөнінде айтылды.

№31 мектеп-гимназиясында он жеті жыл басшылық қызметін атқарған Ф.Х.Кереев сөз алды.

Қамқоршылық кеңестің ережесіне сәйкес №31 мектеп-гимназиясында құрылған кеңестің жұмысы әрі қарай жандандыруға.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:
Қамқоршылық кеңесінің хатшысы



А.Халенова
Ж.Хусинова

**23.11.2020 ж өткізілген қамқоршылық кеңес отырысы туралы
жиналыстың**

Хаттамасы

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, ата-аналар, жергілікті мекеме қызметкерлері

Қамқоршылық кеңесінің қашықтықтан отырысы

Өткізілу түрі: zoom арқылы

Күн тәртібінде: Азқамтылған, көпбалалы отбасы оқушыларына қайырымдылық көмек көрсету

Тыңдалды: Директордың тәрбие ісінің орынбасары А Болатова тыңдалды. Ол № 31 мектеп- гимназиясы бойынша азқамтылған, көпбалалы отбасы туралы толық ақпарат берді. Қамқоршылық кеңес мүшелеріне алдағы уақытты азқамтылған оқушыларға қайырымдылық көрсету ұсыныс айтылды. Негізгі сұрақ бойынша кеңес төрайымы А Халенова сөз алды: Ол тамыз қаңтар айында білім беру мекемелерінде өткізілітін қамқорлық айы барысында азқамтылған оқушыларды киім кешек, оқу құралдары тағы басқа қажетті құралдармен қамту, түрлі сайыс байқауларға қатысуын қолдау көрсетуін айтып өтті. Алдағы уақытта әрбір кеңес мүшесіне ата-аналар жиналысында мектепке бюджеттен тыс қаражат көзін тарту мәселесін талқылап, нақты ұсыныстар енгізуді ұсынылды. Сонымен қатар жиын барысында азқамтылған отбасы оқушыларының тұрмыстық жағдайын бақылауда ұстау, ата-аналардың қайырымдылық көмекке мұқтаждығын анықтау мәселелері сөз болды.

Шешімі:

1. Азқамтылған, көпбалалы отбасы оқушыларына қайырымдылық көмек көрсету
2. Тұрмыстық жағдайын анықтап, бақылауда ұстау мәселесін сынып жетекшілерге тапсыру.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы



А.Халенова

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы



Ж.Хусинова

**12.03.2021 ж өткізілген қамқоршылық кеңес отырысы туралы
жиналыстың**

Хаттамасы

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, ата-аналар, жергілікті мекеме қызметкерлері
Күн тәртібінде:

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға қолдау көрсету
2. Ыстық тамақпен қамту жағдайы. Мектеп асханасының жұмысын бақылау



1-сұрақ бойынша бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Ғ.Б. Сақтауова тыңдалды. Ол «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың мектепшілік жоспарымен таныстыра отырып, оқушылар арасында өтетін түрлі байқау ұйымдастыру мәселесіне тоқталды.

2- сұрақ бойынша кеңес төрайымы А.Халенова тыңдалды. Ол қаңтар айында орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларының орындалуын бақылау нәтижесімен таныстырды. Оқушыларды тамақтандыру қалалық білім бөлімі мен қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы бекіткен ас мәзіріне сәйкес жүзеге асырылатынын және тамақтың сапасы күнделікті медбибі тарапынан бақыланатынын атап өтті. Алайда кейбір сыныптарға тиімді тамақтану бойынша ақпараттандыру жұмысын жүргізу қажеттігін ұсынды.

Шешімі:

1. Мектептің «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жоспарын жүзеге асыруға қолдау көрсету .
2. Тиімді тамақтану мәселесі бойынша бірлескен шаралар ұйымдастыру.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы
Қамқоршылық кеңесінің хатшысы

 А.Халенова
 Ж.Хусинова